

«Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі № 248 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 тамыздағы № 943 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі № 248 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 12, 113-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау е р е ж е с і н д е :

2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«су пайдаланушы – өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Субсидиялар су пайдаланушыларға ауыз су беру жөніндегі сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелеріне қызмет көрсететін су берушілерге шығындарын толығымен немесе ішінара өтеуге (қызметтердің құнын арзандатуға) арналады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың топтық су және оқшау жүйелері бөлінісінде су берушілер үшін

берілген ауыз судың 1 (бір) текше метріне бөлінетін, Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған, тиісті қаржы жылдарына арналған субсидиялар мөлшерін Ауылшармині табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ауыз су беру жөнінде көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтің а й ы р м а с ы р е т і н д е :

1) үйлері немесе пәтерлері ішкі сумен жабдықталған, жеке су өлшеуіш құралдарымен жарақтандырылған су пайдаланушыларға берілген 1 (бір) текше метр ауыз суға 30 (отыз) теңгені;

2) теңгерімдік тиесілілігі шегінде орналасқан және бірыңғай су өлшеуіш құралдарымен жарақтандырылған сумен жабдықтау желілерін пайдаланатын су пайдаланушыларға берілген 1 (бір) текше метр ауыз суға 40 (қырық) теңгені;

3) бұдан әрі тазалауды және оны ауыз су су тұтыну жағдайына дейін жеткізуді қажет ететін, ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше топтық және оқшау жүйелерінен берілген 1 (бір) текше метр суға 0 (нөл) теңгені шегергенде белгіленген лимиттің шегінде кепілдік берілген сапада ауыз су беру жөнінде көрсетілген қызметтер ү ш і н б е л г і л е й д і . » ;

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы басқармасына су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау , су бұру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органымен және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) ауыл шаруашылығы бөлімдерімен келісілген субсидиялар ескеріле отырып, берілетін ауыз су көлемін, ұсынылған қызметтерге ақыны және ауыз су беру жөніндегі қызметтерге табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифті көрсете отырып, тариф бойынша ауыз су беруге арналған шарт жасалатын су пайдаланушылардың тізбесін (бұдан әрі – су пайдаланушылардың тізбесі) ұсынады.»;

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесіне 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі
Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң

Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов
Р е с п у б л и к а с ы

2011 жылғы 23 тамыздағы
 № 943 қаулысына

қосымша

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі
 болып табылатын сумен жабдықтаудың
 ерекше маңызды топтық жүйелерінен ауыз
 су беру жөніндегі қызметтердің құнын
 субсидиялау ережесіне

1-қосымша

« Б Е К І Т Е М І Н »

Облыстық (республикалық маңызы бар
 қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы
 басқармасы _____

" ____ " _____ 20__ ж.

**Су пайдаланушылар бөлінісінде ауыз су беру жөніндегі нақты
 көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімі _____ 20__ ж.
 (су берушінің атауы) (ай)**

P/С у с пайдаланушылардың № атауы	Су беру лимиті мың текше метр	Берілген су, мың текше метр		Бекітілген тариф 1000 текше метр үшін теңге	Көрсетілген қызметтердің құны, теңге		Субсидиялар мөлшері (тарифтік сметаларда ескерілген шығындардың %-ы) теңге		Ж ы л басынан б е р і субсидиялар төленді, теңге	Төлену тиіс, теңге	
		Жыл басынан бері	Оның ішінде есепті айда		Жыл басынан бері	Оның ішінде есепті айда	Жыл басынан бері	Оның ішінде есепті айда			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Су беруші _____

Ескертпе: 2-бағанда су пайдаланушылар облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы басқармасы бекіткен су пайдаланушылар тізбесіндегідей ретпен келтіріледі